




Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



№13 (1398)  
22 сәуір  
2011 жыл

# КАЗАК УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

## МЕЖДУНАРОДНЫЙ СТУДЕНЧЕСКИЙ ФОРУМ

Тәуелсіздігімізге 20 жыл толғалы отырған мерекелі 2011 жылы, «Айқап» журналы мен «Қазақстан» газетінің шыға бастағанына 100 жыл толып отыр. 1911 жылдың қаңтарында қазақ тіліндегі тұңғыш журнал «Айқаптың» бірінші саны жарық көрсе, сол жылдың наурызынан бастап «Қазақстан» газеті шыға бастады. Қазақ тіліндегі ұлттық бейресми мерзімді басылымдар тарихы осы екі басылымнан басталды десек қателеспейміз. Себебі, олардан бұрын қазақ тілінде шыққан мерзімді басылымдар патша үкіметінің жергілікті басқару органдарының қаражатына шығып тұрған ресми газеттер болса, бейресми ұлттық газеттер бір-бір сандарынан кейін жабылып қалған еді. Сондықтан да олар ұлттық мерзімді басылымдар деп атауға келмейтін.

### «АЙҚАП» ПЕН «ҚАЗАҚСТАНҒА» – 100 ЖЫЛ

Қазақтың жоғын жоқтап, мүддесін қолдаған, елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жерінің тұтастығын қорғаған ұлттық бейресми басылымдардың пайда болуы, қазақ тілінде белгілі бір мерзімділікпен шығып ел арасына таралуы ХХ ғасыр басындағы ұлт өміріндегі ерекше қоғамдық құбылыс болды. Осындай, тарихы да, тағдыры да бөлек, қазақ тарихынан орын алып, өзіндік із қалдырған ұлттық басылымдардың бірі – «Айқап» журналы мен «Қазақстан» газеті.

Әрине, өткен ғасыр басында шыға бастаған ұлттық мерзімді басылымдарды әр түрлі сала зерттеушілерінің, өз мамандықтары тұрғысынан әр түрлі қырынан қарайтындықтары түсінікті. Дегенмен, бүгін де, келешекте де олардың атқарар ең басты функциясы – тарихи дерек көзі болмақ. Мерзімді басылымдар тарихын, әсіресе ұлттық баспасөз тарихын, бүгінгі күн талабына сай ұлттық мүдде тұрғысынан қайта қарау төл тарихымызды толықтыра түссе, оларды тарихымыздың дерек көздері ретінде қарастыру қыры мен сыры мол ХХ ғасыр басындағы қазақ тарихын тереңірек зерттеуге мүмкіндік берері анық.



Сегодня в КазНУ имени аль-Фараби начал свою работу Международный студенческий форум «Студенческое самоуправление в современном университете: опыт, инновации и перспективы».

Тему форума выбрали неслучайно. В современных условиях мы понимаем, что активное участие студентов стало одной из важных составляющих в управлении образовательным учреждением. Болонский процесс позволил активизировать деятельность студентов. Как мы видим, роль студенчества в оформлении образовательного пространства повышается. И во многом, это зависит от студента, способного самостоятельно мыслить и брать ответственность за качество собственного образования.

В КазНУ им. аль-Фараби уделяется особое внимание дальнейшему развитию студенческого самоуправления. Впервые в университете была разработана и принята Концепция молодежной политики КазНУ имени аль-Фараби. ССУ КазНУ имени аль-Фараби является частью корпоративной культуры вуза и не может существовать вне вуза, соблюдая принципы Корпоративной культуры, Кодекса чести студентов КазНУ имени аль-Фараби. В разработке, этих документов студенты принимали самое активное участие. ССУ неразрывно связано с историей, ценностями, традициями университета. Взаимоотношение администрации и ССУ основано на принципе социального партнерства.

В университете уже заложено, что студенты должны участвовать и принимать решения в управлении вузом (члены Главного Ученого совета, заселение в общежития, комиссия по этике и т.д.).

Мы осознаем, что студенты несут ответственность за управление студенческой жизнью по всем направлениям, дополняющим деятельность администрации в этой сфере.

В современных условиях сотрудничество администрации и студенчества является важным фактором развития демократических форм управления в системе высшего образования.

(Продолжение на 4 стр.)

(Жалғасы 3-бетте)

БАЙҚАУ

### МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ РЕКТОР ГРАНТЫН ИЕЛЕНДІ

19 сәуірде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде журналистика факультеті баспа ісі және БАҚ дизайны кафедрасының ұйымдастыруымен, Алматы қалалық әкімдігінің және республикалық ақпарат құралдары мен баспалардың қолдауымен мектеп және колледж оқушылары арасында Республикалық «Олашақ баспагер-редактор» байқауы өтті. Байқауға республикамыздың түкпір-түкпірінен 70 оқушы қатысып, олар ҚазҰУ-да білім алуға мүмкіндік беретін Ректор гранттарын сарапқа салды.

Байқаудың мақсаты мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру; олардың баспа ісі жөніндегі түсінік-танымын кенейту; кітап дайындау, шығару, тарату кәсібіне баулу; баспа бизнесімен айналысуға жол ашу; «Баспа ісі» мамандығына қызығушылығын ояту.

(Жалғасы 2-бетте)

## Ярмарка вакансий КазНУ – 2011

«Одним из главных показателей, который определяет КазНУ имени аль-Фараби как бренд отечественного образования - это постоянная высокая востребованность его выпускников. Мы гордимся тем, что выпускники КазНУ им. аль-Фараби достойно представляют университет и составляют золотой фонд республики. Наши выпускники всегда пользуются спросом на рынке труда, какую бы специальность они не выбрали» - об этом на Ярмарке вакансий для студентов сказал ректор КазНУ им. аль-Фараби, профессор Галым Мутанов.

На ярмарке представлены вакансии, программы и тренинги ведущих отечественных компаний страны и ведущих зарубежных фирм, работающих в Казахстане. Посетители смогли ознакомиться с предложениями о работе, оставить резюме и пройти собеседование с PR-менеджерами.

(Продолжение на 2 стр.)



МЕГАПРОЕКТ



# Жас ғалымдар мәселесі ректорат назарында

**18 сәуірде кезекті ректорат мәжілісінде халықаралық деңгейдегі магистрлер мен PhD докторанттарын дайындау туралы Бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаевтың хабарламасы талқыланды. Онда әр жылғы есептік көрсеткіштер салыстырмалы түрде қаралды. Мәліметтерге сүйенсек, соңғы 2010-2011 жж. шетелде іс-тәжірибеден өтуге 59 докторант пен 97 магистрант барған. Сондай-ақ, бұдан өзге ректорат мәжілісінде қос диплом бағдарламасына жаңа мамандықтар енгізу және тағы басқа да көптеген мәселелер сөз болды.**

«Әл-Фараби» магистрлері мен PhD докторларының қауымдастығын құру жөнінде философия және саясаттану факультетінің 2-курс магистранты Д.Сүндетбаев қауымдастықты басқару құрылымы, жоспарда тұрған атқарылатын жұмыстар барысымен (кеңес, атқарушы директор мен комитет жұмысы) таныстырды. Осы орайда ҚазҰУ жанындағы Британдық түлектер клубының ақпараттық-ресурстық орталығын құру жөнінде

Қазақстанның британдық түлектер клубының төрағасы А. Умиржанов та өз жобасымен бөлісті.

Сапа менеджменті және ақпараттық-аналитикалық зерттеулер бөлімінің бастығы Гүлшат Минажева университеттің сапа менеджменті жүйесінің жаңа деңгейге өтуі туралы баяндама жасап, жапондық Кайдзен стратегиясы туралы толық ақпарат берді. Бұл бағдарлама Жапонияда университет ұжымын үнемі жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу үшін озық, жаңа идея ұсынуға арналған. Аталған бағдарлама бойынша барлығы 70 жоба келіп түсіп, олар мазмұнына қарай іріктелініп сұрыпталған.

Ректорат мәжілісінде Экономикалық және өндірістік мәселелер жөніндегі проректор Евгений Анның Оңтүстік Кореяға барған іс-сапары мен заң факультетінің деканы Дәулет Байдельдиновтің Қытай Халық Республикасындағы «Синьцзян» университетіне барған сапарының қорытындылары қаралды. Іс-сапар барысында «Синьцзян» университеті мен ҚазҰУ арасында өзара ынтымақтастық туралы келісім-шарт жасалды. Осы келісім-шарт аясында «Синьцзян» университетінде ҚазҰУ-дың 10 магистранты



мен 2 оқытушысы 6 айдан бір жылға дейінгі уақыт мерзімінде ғылыми іс-тәжірибеден өтуге мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар, экономикалық және әлеуметтік география кафедрасының профессоры Шәріпжан Нәдіров Германиядағы Лейбниц-институтында іс-сапарда болып қайтты. Институт өз журналында біздің оқытушы-профессорларымыздың мақалаларын жариялауға, Лейбниц-институтының аймақтық география департаментінің директоры, профессор Иохим Бурдак ҚазҰУ-дың PhD докторанты А.Боранғалиеваға ғылыми жетекшілік етуге келісін берді. Сондай-ақ, аталған оқу орнымен жасалған іс-тәжірибеден өту келісім-шарты екіжақты ынтымақтастықты арттыруға үлес қоспақ.

Еңлік АҚЖІГТ

# Мектеп оқушылары ректор грантын иеленді

(Басы 1-бетте)

Байқауда мектеп оқушылары еркін тақырыпқа шығарма жазу, шығармаға сәйкес кітап мұқабасын безендіру, редакторлық-корректорлық және әңгімелесу сынақтары секілді төрт сынақтан өтіп, өз қабілеттерін бәске тікті.

«Баспагер-редактор» мамандығына түсуге ниет танытқан 70 оқушының арасынан үздіктерді таңдау оңайға соққан жоқ. Нәтижесінде осы байқауға бар ықыласын аударған ҚазҰУ-дың ректоры Ғалымқайыр Мұтанов атындағы екі «Ректор грантына» Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Ерназар ауылының 11-сынып оқушысы Досжан Балабекұлы мен Қызылорда облысы, Шиелі ауданының 11-сынып оқушысы Ақшолпан Досболқызы ие болды. Сондай-ақ, демеушілік жасаған республикалық баспалар өз тараптарынан байқауда белсенділік танытқан оқушыларға бір жылдық шәкіртақы тағайындады. «Білім» баспасы шәкіртақысын ОҚО, Төле би ауданы, Көксәйек елді-мекені, Төле би атындағы орта мектеп оқушысы Заманбек Мансұров, «Қазақ энциклопедиясы» баспасының шәкіртақысын Жамбыл облысы, Шу ауданы, Төле би ауылы, М.Әуезов атындағы орта мектеп оқушысы Балнұр Жексенбекқызы, «Мектеп» баспасы шәкіртақысын Райымбек ауданы, Талас ауылының оқушысы Ернұр Нұрданбекұлы, «Атамұра» баспасы шәкіртақысын Алматы облысы, Ақсу ауданы, Арасан ауылының оқушысы Елдос Тоқтарбаев иеленді.

Сонымен қатар, болашақ мектеп түлектеріне әртүрлі номинация бойынша дипломдар табыс етілді. Алматы қаласы, №81 мектеп оқушысы Жадыра Омаржан «Парасат», Алматы қаласы, №10 орта мектеп оқушысы Владимир Колесников «Таным», «Қазақстан - Заман» газетінің штаттан тыс тілшісі Айдана Тасболатова «Кәсіби



білік», Астана қаласы, №60 мектеп-лицейінің оқушысы Диана Байдаулетова «Үздік редактор», ШҚО, Зайсан ауданы, М. Әуезов атындағы орта мектеп оқушысы Алтын Құдайбергенова «Үздік дизайнер», Алматы қаласы, Медеу ауданы, №17 мектеп-интернатының оқушысы Мақсат Түгелбай «Үздік автор», Алматы облысы, Қарасай ауданы, Алғабас ауылы орта мектебінің оқушысы Жадыра Әлімтай «Жаңарым» аталымдарына ие болды.

Болашақ баспагер-редакторларды анықтаған байқаудың ұйымдастырушылары оқушы талантына қолдау танытып, білім нәрімен сусындатып, байқауда басы-қасында жүрген мектеп ұстаздарын да алғыс хатпен марапаттады. Олар грант иегерлері мен марапат иелерінің ұстаздары - Жеңісқұл Беркімбаева, Шиелі ауданы оқу бөлімінің бастығы Қалиолла Оңғаров, №5

кәсіптік лицейі Қарлығаш Мергенбаева, Жамбыл облысы, Шу ауданы, М. Әуезов атындағы мектеп директоры Тынышхан Жаңабаяев, Б.Момышұлы атындағы әскери мектеп директоры Сержан Қазақбаев, №54 орта мектеп директоры Гульнара Карамендинова.

Салтанатты марапаттау соңы концертке ұласты. Халықаралық және республикалық конкурстар мен фестивальдардың лауреаты «Тұран» этно-фольклорлық тобы, сондай-ақ, эстрада саңлақтары мен өнерпаздардың өнері жиналған көпшілікті тәнті етті. БАҚ және баспа жетекшілері мен жиналған жұртшылық байқауға арнайы грант бөліп, жас өрендерді қолдаған ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтановқа риза көңілмен тарасты.

Еңлік АҚЖІГТ

## ҚЫСҚА-НҰСҚА

**15 сәуірде** әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғалымқайыр Мұтанов Жапониядағы Нейтрондық сәулелену және атомдық сынақ реакторы орталығы директорының орынбасары Mr.Yukio TACHIBANA мырзаны қабылдады.

Mr.Yukio TACHIBANA электр энергия, жылу және сутегін шығаратын зерттеу реакторын құруды ұсынды. Мұндай реакторлар өндірістік және тәжірибелік болып іргесі қаланса, жас мамандар осы сала бойынша ірі-ірі ғылыми жұмыстар жасауға ие болмақ. Жапондық әріптестер осындай ұсыныстарын жеткізе отырып өз елдеріндегі зерттеу орталықтарында ҚазҰУ-дың 5 студентінің тәжірибеден өтіп, білім алуына қаржылай қолдау көрсетуге дайын екендіктерін айтты.

Ғылыми ұсыныстарды құп көрген ректор Ғалымқайыр Мұтанұлы дәстүрлі университеттен ұлттық зерттеу университетіне айналу жолында жасалынып жатқан жобаларды атап, бұл бағытта жапондық ғалымдарды ҚазҰУ-ға дәріс оқып, тәжірибе алмасуға шақырды.

**20 сәуірде** ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов Корея Республикасындағы Деджон университетінің президенті Енг Чул Лим, вице-президенті Генсик Ан, Деджон университетінің халықаралық бөлімінің директоры Пье Чангсунмен кездесті. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Корея Республикасындағы Пусан, Каннам, Хонгик, Донгик университеттерімен тығыз әріптестік қарым-қатынас орнатқан.

Деджон университетінің президенті Енг Чул Лим ҚазҰУ-ды Орталық Азиядағы ең үздік университет деп танытындығын және 1 студентті университет тарапынан тегін оқуға қабылдауға дайын екендерін айтты. ҚазҰУ тарапынан алдағы уақытта бірлесіп отырып, оқу жүйесінде, инновациялық жаңа жобалар мен маман даярлауда еш кедергісіз жұмыс жасауға болатындығы айтылды.

Кездесу соңында екі жақ өзара әріптестік келісім-шартына қол қойды.

**20 сәуірде** халықаралық қатынаста факультетіндегі НАТО жөніндегі ресурстық және ақпараттық орталығында студенттердің ұйымдастыруымен «НАТО моделі» форумы өтті. Форумға Италияның әскери аташесі Марко Морро, халықаралық қатынастар факультетінің деканы Кәрімжан Шәкіров, профессор Құралай Байзақова және Құрлықтағы әскерлердің әскери институты, Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты сияқты Алматы қаласының жоғары оқу орнындағынан 60-қа жуық студент қатысты.

Бүгінгі таңда НАТО-ның назарында Ауғанстандағы мәселе өзекті болып тұр. Бірнеше жылға созылған қақтығыс лаңкестік іс-әрекеттердің арқасында өршіп барады. Қазақстан өз кезегінде бұл мәселені шешуде атсалысып келеді. Сондықтан студенттеріміздің осы тақырыпты таңдап, талқыға алуы бізді қуантады, - деді Кәрімжан Шәкіров.

# Ярмарка вакансий КазНУ – 2011

(Начало на 1 стр.)

Среди участников ярмарки КазНУ-2011 - государственные структуры, научно-исследовательские институты, компании «Казатомпром», «Каззахмыс», «GSM-Каззахстан», «Microsoft Kazakhstan», «Карачаганак Петролиум Оперейтинг», «Тенгизшевройл», «КазМунайГаз», «Народный банк Казахстана», «Банк ЦентрКредит», фонд «Самрук-Казына», «Национальное космическое агентство» РК, Национальный научно-технологический холдинг «Парасат», «Казфосфат», «Евразийский Банк», Региональный финансовый центр г. Алматы, Фонд развития предпринимательства «Даму», «KPMG», Управление образования г. Алматы и другие.

В программе также - научные проекты магистрантов и PhD-докторантов, мастер-класс «Успешное построение карьеры в

профессиональной сфере», маркетинговый семинар «Современное состояние и основные направления развития казахстанского рынка труда». Свои программы «Молодежная практика», «С дипломом - в село» представило управление занятости и социальных программ г. Алматы.

«Ярмарка вакансий проводится четвертый год подряд и всегда вызывает большой резонанс среди студенческой общности. Ежегодно нашу ярмарку посещают более 4 000 студентов КазНУ, и около 600 из них занимают конкретные вакансии. Кроме того, укрепляются взаимоотношения с работодателями, они участвуют в разработке образовательных курсов, элективных программ и непосредственно участвуют в образовательной системе нашего университета.

Для этого мы развили современную систему управления, реформировали образовательный процесс в соответствии с

принципами Болонского процесса. Сегодня каждый студент становится настоящим творцом себя как будущего специалиста, сам формирует вариативную часть программы подготовки, для чего ему необходимо целевое видение будущей карьеры и компетентностных требований работодателей», - отметил директор департамента по академическим вопросам КазНУ Адлет Тойбаев.

Кроме того, при Высшей школе экономики и бизнеса действует клуб SIFE (Студенты в свободном предпринимательстве). Главная цель клуба - развивать лидерские и бизнес навыки, способствовать развитию студенческого предпринимательства. В течение всего академического года, усилиями Высшей школы экономики и бизнеса и Сектора карьеры были организованы специальные Лидерские лекции самых успешных представителей казахстанского и международного бизнеса, политики, общества.

С начала академического года с лекциями выступили: Владимир Школьник (Казатомпром), Масахиро Катамото (Посольство Японии), Айгуль Мукей (Ел Арна), Нурлан Смагулов (Холдинг «Астана групп»), Жанат Бердалина (KPMG), Пюнттер Дам (Microsoft Казахстан), Барбара Джандж (глава атомной энергетики Великобритании), Алибек Умиржанов (Клуб Британских выпускников Казахстана), Аида Досаева (GSM Казахстан), Байрам Азизов (Beeline), Бекжанов Айбек (РФЦА) и другие.

Завершится проект ежегодным тимбилдингом, проводимым на живописном озере Иссык. В качестве бизнес-тренера приглашен специальный гость из США г-н Бэн Ко. Цель тимбилдинга - сплочение команды, развитие лидерских навыков, умения нестандартно принимать решение в различных ситуациях.

Сектор карьеры



(Басы 1-бетте)

Бұл орайда, «Айқап» журналы мен «Қазақстан» газетінің алар орны ерекше.

Тұңғыш ұлттық мерзімді басылымдарымыздың елу жылдық мерейтойы кеңестік кезеңге дөп келіп, аталмай қалғандығы белгілі, енді, міне, олардың 100 жылдық мерейтойлары тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына сәйкес келіп отыр. Демек, «Айқаптың» тойы, «Қазақстан» газетінің тойы оның шығарушылары мен оқырмандарының арман-тілектері мен мақсат-мүдделерінің іске асуы тойы болмақ. Әңгіме, тек, сол тойдың қалай және қандай дәрежеде аталып өтілетіндігінде. «Айқаптың» және «Қазақстан» газетінің мерейтойларын атап өту, біріншіден, бүгінгі ұрпақтың борышы болса, екіншіден, ол біздің ұлттығымызға сын болмақ.

Қазақтың тұңғыш ұлттық бейресми мерзімді басылымы және тұңғыш журналы «Айқаптың» әрі редакторы, әрі шығарушысы М.Сералин, журналдың шыға бастағанына бір жыл толуына арналған мақаласында журнал шығаруды не себептен және қалай бастағаны туралы: «...алты миллиондай халықтың ортасында бірімен-бірі танысқандай, түсінгендей бір журналдың, яки газеттің жоқтығына шыдай алмай, толғақ қысқан әйелдерше түйсініп жүрген замандар болып еді» дей келе: «Журнал шығаруға көңіл шын тілесе де шығару үшін керекті аспаптардан екі аспаптың бірі жоқ. Өзім жалғыз, ақылдасатұғын, көмек беретұғын кісі жоқ болып, «жалғыз кісі жау алмас» деген ұғал бар болса да, тәуекел етіп журналды шығара бастап едім. Садағасы кетейін жұрт мүлдем ілтифатсыз тастамады», - деп журнал шығаруды жалғыз өзі бастағандығын айтады (Айқап. Жинақ, - Алматы: 1995. 85 б.).

Демек, «алты миллиондай халықтың ортасында бір журналдың, яки бір газеттің жоқтығы» М.Сералинді тәуекелге бел байлап, журнал шығаруды жалғыз бастауға итермелеген. М.Сералиннің белгілі бір мерзімділікпен журнал шығару сияқты үлкен іске жалғыз кіріскендігін оның замандастары да растайды. Бірақ ол М.Сералинге журнал шығаруына және оны бірнеше жыл бойы үзбей шығарып тұруына мүлдем ешкім көмектескен жоқ деген сөз емес. Жақсы істің басталуына, оның іске асуына әрдайым тілектестер мен мүмкіндігінше көмек көрсететіндер табылатындығы сияқты, М.Сералинге де тілектес болып, оған қол ұшын бергендер болды. Журнал шығарысымен халық оны жылы қабылдады. Жан-жақты көмек көрсетті. Көптеген адамдар журналдың үзбей шығып тұруына өз үлестерін қосты.

М.Сералиннің өзінің айтуынша, оған «Айқап» журналын үзбей шығарып тұруға көмектескендердің бірі — Сосновский болған. Хаим Шулевич Сосновский — ұлты еврей, Троицкі қаласының мешаны. Алты жылдан астам Троицкіде шығып тұрған «Степь» газетінің редакторы. Сол қаладағы «Энергия» баспаханасының иесі.

Кезінде ұлттың рухани ұйытқысы және ақпараттық-



# «АЙҚАП» ПЕН «ҚАЗАҚСТАНҒА» — 100 жыл

танымдық міндет атқарған басылымдар, бүгінде тарихымыздың баға жетпес жазба дерек көзіне айналып отыр. Себебі оларда сол кездегі қоғам өмірі, ұлт тарихы жан-жақты көрініс тапқан. Мысалы, «Айқап» журналында ХХ ғасыр басындағы қазақ ұлтының экономикасы мен мәдениеті және саяси жағдайы туралы мақалалар үздіксіз басылып тұрған. Оларда: шаруашылық, мемлекет және құқық мәселесі, жер-су құқығы, сайлау туралы, әйел мәселесі, отырықшылық және жер мәселесі, әлемдік соғыс және қазақ тарихы туралы, тіл және әдебиет мәселелері т.б. туралы материалдар берілген.

Дегенмен, «Айқап» журналының көтерген ең басты мәселесі — оқу-ағарту, ғылым-білім және тәрбие мәселесі болғандығын ерекше айтуымыз керек. Журналға дерек көзі ретінде жасалынған деректанулық талдау жарияланған материалдардың шамамен үштен бірінің осы мәселелерге арналғандығын көрсетті. Егер, бүгінгі тәуелсіз қазақ ұлтының алдында тұрған ең өзекті мәселе — білім-ғылым, жаңа технология екендігін ескерсек, онда «Айқаптың» ұлтымыздың бүгінгімен де, келешегімен де үндестігін байқау қиын емес.

1913 жылдан бастап өзімен қатар шығып тұрған «Қазақ» газетінен «Айқаптың» басты айырмашылығы, кеңестік тарихнамада айтылғандай, олар-

дың таптық позицияларында емес, қаржылық негіздерінің екі түрлі құрылуында, қаржы көздерін екі түрлі жолдармен іздестірілуінде болған. Басқаша айтсақ, басылымдарды қаржыландырудың уақыт талабына сай нарықтық негізде жүргізілуінде немесе уақыт талабына сай жүргізіле алмауында болған.

Екі басылымның бірінің әлемдік соғыстың басталуына байланысты туындаған қиыншылық қыспағына шыдай алмай өз шығуын тоқтатуы, екіншісінің, сол қиыншылыққа қарамастан шығуын жалғастыруы қайсысының дұрыс жол таңдай білгендігін көрсетіп берді. Егер, қазақ даласындағы дәстүрлі рухани жақындыққа негізделген «Айқап» 1915 жылы шығуын тоқтатса, 1914 жылдан бастап «Азамат» серіктігін құрып, нарықтық қатынасқа бейімделе білген «Қазақ», 1918 жылы большевиктер күштеп жапқанға дейін өз шығуын жалғастыра алды.

Қорыта айтсақ, «Айқап» журналы М.Сералиннің бастамасымен, соның ерлікке тең еңбегінің арқасында және соның қаражатына 1911 жылдың қаңтарынан бастап Троицкі қаласында Х.Сосновскийдің «Энергия» баспаханасында шыға бастаған. Көлемі 4-5 баспа табақ, таралымы — 900-1000 дана. 1915 жылдың қыркүйегіне дейін барлығы 88 саны жарық көрген. Кей жылдары 12-14, кей жылдары 24 нөмірге дейін шыққан.

Ал «Қазақстан» газеті туралы айтар болсақ, газеттің шығуы туралы Орал облыстық әскери губернаторы Дубасовтың берген куәлігінде «Қазақстан» деген атпен, қазақ тілінде шығатын газеттің жауапты редакторы ретінде Ішкі орданың халық мұғалімі Елеусін Бұйринге газет шығару құқы берілгендігі, ол газеттің Елеусін Бұйриннің Орал қаласындағы «Қазақстан» деп аталатын жекеменшік баспаханасында шығаратындығы айтылған (Боранғалиұлы Т. Ел атауына ақжол тілеген. Егемен Қазақстан, 1997, 19 қараша).

Бұл жерде ерекше көңіл аударатын нәрсе — ол газеттің «Қазақстан» деген аты. Ол туралы газет тарихын зерттеушілердің бірі Т.Боранғалиұлы: «Қазақ атымыз мәңгіліктен келе жатқанмен, 1911 жылы газет өзіне ту еткен «Қазақстан» сөзі бұрын-соңды ресми тілде, не жазба шежіреде, орыс тарихшыларының бірде-бір еңбегінде, ауыз әдебиетіміздің нұсқасында кездеспеген тың ұғым еді», — деп бүгінгі әлем білетін, әрбір қазақ үшін анасының атындай ыстық «Қазақстан» деген сөз осы газетке байланысты бірінші рет пайдаланылды деген пікір айтады.

Газет не журнал шығару үшін қажетті ең басты нәрсе — ақша. Сол ақшаға байланысты шешілетін баспахана мәселесі. Аталған басылымдардың жеке адамдардың, не белгілі бір топтың, не жалпы ұлттың қаржысына шығып тұрғаны

белгілі. Олардың ұлттық сипатта болуы да тікелей осы факторға байланысты. Мысалы, деректерде «Қазақстанды» шығару үшін: «Әбілқайыр ұрпақтары Шәңгерей Бөкеев өз қаражатынан 1500 сом берсе, Бақытжан Қаратаев қайраткерлік беделін жұмсап қаржы толықтырған, Ғұмар Қарашев Бакуге аттанып, әзірбайжан ауқаттысы Зейнебабиден Тафиевтен газетке шашу ретінде берген 1000 сомын әкелген. Бірі мұғалім, бірі дәрігер ретінде осы өлкеге танымал С.Меңдешев пен М.Шомбалов ел-ағайын арасынан қаржы жинауға ат салысқан» деп айтылған (Боранғалиұлы Т.Көрсетілген еңбек).

Газет шығарғаны үшін Бұйрин де, оның отбасы да кейіннен қызыл қырғынға ұшырады. Е.Бұйрин 1932 жылы Сталинабадқа кетуге мәжбүр болды. Көп ұзамай сонда аштық пен жоқшылықта қайтыс болды. 1933 жылы НКВД Бұйриннің 18 жасар ұлы Әнуарды Мәскеуде тұтқындап, оқудан шығартты. 21 жасар қызы Ғайшаны да институттан аластатып, Свердловскіге жер аударды. Әнуарды анасымен және алты жасар қарындасы Хадишамен бірге Тагиден 40 шақырым жерде ормандағы «III Интернационал» кенішінде қара жұмысқа айдады. Қиындық пен қорлық көрген Е.Бұйриннің отбасы мерзімін өтеп, 1937 жылы лагерден босанып, Алматыға жетті» (Боранғалиұлы Т.Көрсетілген еңбек).

Бір уақытта дерлік шыға бастаған «Айқап» журналы мен «Қазақстан» газетіне ХХ ғасыр басындағы қазақ тарихының дерек көздері ретінде талдау жасау екеуіне де тән көптеген ортақ нәрселердің болғандығын көрсетеді. Ең бастысы олардың тек қазақтың тұңғыш бейресми мерзімді басылымдары ғана емес, сонымен қатар бағыт-бағдарлары да ұқсас, бір-бірімен үндес және тағдырлас басылымдар болғандығын, көтерген мәселелерінің де, ұлт алдында тұрған міндеттерді шешудегі ұстанған жолдарының да бір болғандығын көрсетеді.

Журнал мен газеттің мақсат-міндеттерінің бірлігі олардың мазмұн жағынан да жақын болуына әсер етті. Екі басылымға да тән ортақ тақырыптар: оқу-ағарту, білім беру, ғылым, өнер үйрену, жер, отырықшылық, әйел теңдігі, шаруашылық жүргізу, әдет-ғұрып, салт-дәстүр мәселелері, надандыққа және партиялық бүліншілікке қарсы күрес т.т. болды. Екеуінің де өткен ғасыр басында ұлт алдында тұрған отырықшылыққа көшу, қала болып тұру, бас қосу сияқты қазақ зиялыларының арасында талас тудырған мәселелерде бір позицияда болғандығы белгілі. Және екеуі де қаражат жетіспеуіне байланысты өз шығаруларын тоқтатқан.

Дегенмен, қара түнек патшалық кезеңде үміт сәулесіндей болып бірінен соң бірі жарық көрген «Айқап» журналы мен «Қазақстан» газеті өз кездерінде ұлттық сананың оянуына өлшеусіз үлес қосты. Сондықтан да олар еш ұмытылуға тиіс емес.

Қамбар АТАБАЕВ,  
деректану және тарихнама  
кафедрасының меңгерушісі,  
т.ғ.д., профессор





# МЕЖДУНАРОДНЫЙ СТУДЕНЧЕСКИЙ ФОРУМ

(Начало на 1 стр.)

Активное участие студентов в управлении вузом расширило сферу применения способностей и умений студентов, дало каждому возможность развить талант, проявить инициативу, найти дело по душе. Администрация получает эффективную систему обратной связи со студенчеством, а значит, и гибкость в управлении всем вузом. Студенческое самоуправление получает все необходимые полномочия и берет на себя ответственность за управление теми аспектами студенческой жизни, которые ориентированы на дополнение действий администрации в сфере работы со студентами. Таким образом, студенческое самоуправление в нашем университете стало частью системы управления вузом, органически включенной в нее.

Многие из бывших руководителей органов студенческого самоуправления сегодня стали лидерами в разных сферах. Многие занимают должности в органах государственной власти всех уровней, многие остались в стенах вузов, продолжая свою профессиональную или управленческую карьеру. Лидер студенческого самоуправления - это всегда востребованный специалист, обладающий не только профессиональными, но и управленческими навыками.

Таким образом, студенческое самоуправление - это реальный факт, с которым не могут не считаться органы государственной власти, и администрации вузов. Было бы непростительной ошибкой видеть в нем структуру, противостоящую администрации вузов. Совместными усилиями нам необходимо создавать условия, когда органы студенческого самоуправления становятся реальными партнерами администрации в решении всех вопросов, касающихся соблюдения прав студентов.

Студенческое самоуправление в том виде, в каком оно сформировалось сейчас, это реальная сила, способная решать



многие задачи, оперативно реагировать на вызовы времени. Нет недостатка в инициативе, наработан большой опыт, есть способность добиваться поставленных целей. Каждая студенческая организация, при всем их разнообразии, создает естественную благоприятную среду, в которой молодые люди могут максимально полно реализовать свои творческие способности и таланты, лично и профессионально совершенствоваться. Поэтому внимание к студенческим вузовским организациям, объединяющим десятки и тысячи талантливых и активных молодых людей, и их поддержка должны стать одной из важных забот государства в XXI веке.

Сегодня в работе данного форума участвуют свыше 300 представителей студенческих и молодежных организаций из Европы, СНГ и Азии, а также из всех регионов Казахстана. Например, в работе форума принимает участие Президент Европейского союза студентов Берт Ванденкенделаер (Бельгия), сопредседатель Координационного совета Международного сотрудничества студенческих организаций и молодежи, председатель Студенческого союза МГУ им. М.В. Ломоносова А.В. Андриянов (Россия), председатель Студенческого правительства

Ягеллонского университета Адам Осиецкий (Польша), председатель студенческого профсоюза университета Васеда Сайто Атсуши (Япония), представители студенческих и молодежных организаций вузов стран СНГ и т.д.

В рамках форума организованы дискуссионные площадки, пройдут семинары, тренинги и презентации проектов. А также запланирована насыщенная культурная программа с посещением живописных мест и достопримечательностей города Алматы.

В условиях глобализации для нас молодежи нет границ и преград для взаимодействия. Мы изучаем опыт организаций других вузов, и стран. Фильтруем и перенимаем их, учитывая свои особенности. Поэтому, считаем Форум будет полезен для всех нас. Объединение усилий авангарда молодежи всех стран, направленное на поддержку студенческого самоуправления, решающего вопросы молодежной политики в процессе образования и воспитания - ключ к развитию интеллектуального потенциала страны в новом тысячелетии.

Назира БОЛДУРКОВА,  
руководитель комитета  
молодежных организаций

## Әлеуметтік жаңғыруда театрдың үлесі зор

Әлеуметтік жаңғыру талаптарын жүзеге асыруда түрлі мәдени іс-шаралардың өтуіне ұйытқы болып жүрген Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту жөніндегі департаменттің бастауымен жақында ҚазҰУ-дың куратор-эдвайзерлер кеңесі мен студенттері қаламыздағы мәдени ошақтарға арнайы ат басын бұрды. Рухани серпілістің жаңа бағытын қолға алған ұлттық университет әлеуметтік жаңғыруды театр тамашалаудан бастады.

ҚазҰУ-дың 474 куратор-эдвайзері мен студенттері Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ Мемлекеттік Академиялық балалар мен жасөспірімдер театрына арнайы барып "Қозы Көрпеш - Баян сұлу" спектаклін тамашалады. Одан кейінгі күні бұл лек М.О.Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік Академиялық драма театрына барып "Ақын. Періште. Махаббат." қойылымын көрді. Қозы мен Баянның адал махаббатын үлгі етіп, Мұқағали өмірінен сыр шерткен бұл қойылымдарда қазулық көрермендер тобы көп болды. Спектакль соңында оқытушылар және студент-жастар театр ұжымымен арнайы кездесіп қойылымнан алған әсерлерімен бөлісті. Спектакль кейіпкерлерімен сұхбаттасып, естелік суретке түсті. Университетімізде театр сияқты мәдени ошақтарға жиі баруды насихаттау ашық сабақтарда, кураторлық сағаттарда, мәдени іс-шаралар жалғасын табады. ҚазҰУ ұжымы театрға барумен ғана шектеліп қалмай факультеттерде театр ұжымымен кездесіп, рухани жүздесулер өткізуді дәстүрге айналдырды.

Мәдени ошақтарға ат басын бұру әлеуметтік жаңғыру қадамдарын айқындайды.

Саягүл ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ

## "Көмек" ұйымы қайырымдылық жәрмеңкесін өткізді



15 сәуірде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің "Көмек" студенттік ұйымы "Мүмкіндігі шектеулі жандардың қолымен жасалынған бұйымдардың" жәрмеңкесін өткізді. Жәрмеңке арқылы олар мүмкіндігі шектеулі жандарға қол ұшын созып, олардың бойындағы таланттарына қолдау көрсетті.

"Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!" атты ұранмен ҚазҰУ қалашығындағы "Әл-Фараби" алаңында өткен жәрмеңке, сонымен қатар жастардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырды.

"Көмек" ұйымы мүмкіндігі шектеулі жандардың қолөнер бұйымдарын насихаттау арқылы оларды волонтерлік жұмыстарға тартты.

Жәрмеңкеге №7, №8 интернаттар, аутизм орталығы, "Эльдани" қайырымдылық қоры және "Мейірім" қоры қатысты.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

## «МИР НАУКИ» ОТКРЫВАЕТ ДОРОГУ НОВЫМ ТАЛАНТАМ

В Казахском национальном университете имени аль-Фараби стало традицией в апреле месяце проводить конференцию «Мир науки» международного уровня, в рамках которой проводятся конкурсы, круглые столы, дебаты, мастер-классы, олимпиады, встречи с видными учеными, «Дни открытых дверей». В этом году конференция было посвящена 20-летию Независимости Республики Казахстан.

Форум стал эффективной дискуссионной площадкой для всех, кого волнует судьба науки высшего образования, перспективы инновационной экономики в Республике Казахстан. Форум является одним из реальных инструментов стимулирования научной активности молодежи, поддержки уникальных талантов, дающий существенный импульс для дальнейшего творческого развития и самореализации и открывает дорогу новым талантам и смелым идеям. Основные цели и задачи конференции: стимулирование научно-исследовательской и учебно-познавательной деятельности студентов; привлечение студентов и молодых ученых к решению научных проблем современности; раскрытие творческих способностей, отбор и поддержка наиболее талантливых и одаренных студентов; содействие формированию интеллектуального потенциала студентов.

В университете проходила конференция с

16 по 22 апреля 2011 г., доклады студентов заслушивались с 16 апреля на 69 секционных заседаниях. На Международной конференции рассматривались доклады теоретического, экспериментального и прикладного характера по различным отраслям науки, а также научные изобретения.

В конференции принимали участие студенты, магистранты и молодые ученые Казахстана, стран СНГ, США, Германии, Турции, Индии, Японии.

Торжественное закрытие, подведение итогов и награждение победителей состоится с участием ректора КазНУ им. аль-Фараби, академика НИА РК Галимжаира Мутанова, 22 апреля в актовом зале механико-математического факультета.

Данияр  
ИСМАИЛОВ

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби  
атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,  
Еңлік АҚЖІПТ  
Беттеуші – Талғат АХМЕТҚАЗЫ  
Фототілші – Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ

### МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

### Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000 дана.  
Индексі 65989.  
Тапсырыс №10260

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.